Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

28 мамыр сенбі
№42 (1847)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНІҢ АБЫЗЫ

Кеше Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Ұлт әдебиетінің абызы» атты кеш өтті.

Қаламы теңіз толғаған қайсар қаламгерді еске алуға арналған кешке облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттары – Балайым Кесебаева, Ғалым Әміреев, руханият саласының өкілдері – Елубай Смағұл, Мырзан Кенжебай, белгілі кинорежиссёр Рүстем Әбдірашев, ақын Шәмішбай Сариевтің жұбайы Жұмакүл Сариева, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ұлы Кәрім мен қызы Шұға Нұрпейісовтер мен туған-туыстары қатысты.

Биыл ақпанның бесінде Алаштың абызы, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және Қазақстан мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов дүниеден өтті. Алаштың Әбесі атанған ол 1924 жылдың 22 қазанында Арал ауданының Құланды ауылдық кеңесіне қарасты Үшкөң деген жерде өмірге келген. Содан бергі тұтастай ғұмыры қазақ жұртының көз алдында өтті.

Қабырғалы қаламгер әдебиетке ең алғаш Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған «Курляндия» романымен келді. Әбден толысқан шақта Әбдіжәміл Нұрпейісовтің қаламынан әлем жұртшылығын таңдай қақтырған «Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» парыз секілді туындылар дүниеге келді. Оның романдары дүниежүзі халықтарының көптеген тіліне аударылды.

Руханият жанашырлары жиналған кеш шымылдығы «Мен теңіздің ұлымын» атты театрландырылған композициямен ашылды. Бұдан соң жазушының қиын кезеңдегі қилы сәттері, «тар жол тайғақ кешкен» сұрапыл кезеңдері жайлы сыр шертілді.

Шарада ұлт руханиятының абызына айналған, тебіреніс тірегін теңізден алған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» және «Қан мен тер» туындыларынан үзінділер сахналанды. Ақындар жырдан шашу шашса, әншілер шараны әнмен көмкерді.

Расында, теңіздей тебіренген абыз тұлға Әбдіжәміл Нұрпейісов ғасыр жасаған ғажап ғұмырында қазақ әдебиетіне, руханияты мен тарихына қайталанбас қазына сыйлап кетті. Жан сырын теңіз тереңдігінен шертіп, ұлтына адал перзент бола білді. Ол таным көгін ұлттың тағдырына тіректеген, кейіпкерлерін кемел күндей кескіндеп, дарын даралығын жазғандарына жауһарлаған сөз зергері. Оның өмір өрнегі ұрпаққа үлгі, адамзатқа асыл аманат!

А.БАЙ

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

ЖОЛ МҰРАТЫ БЕЛГІЛІ, ЖЫЛДАМДЫҚТА НЕ МҰРАТ?

Бүгінде адамнан көлік көп. Қала ішінде жүйіткіген көліктердің шуылынан құлақ тұнады. Алайда күн ұзаққа қалпынан бір танбайтын осынау тынымсыз қозғалыс кейде жағымсыз жайттарға да әкеліп жатады. Тосыннан келген темір тұлпардың құрбаны болып, кем дегенде жарақат алып, аурухананың жансақтау бөлімінде жататындардың қатары көбеймесе, азайған жоқ. Күнделікті өмірде мұндай жайттарды жиі кездестіргеніміз сонша, етіміз үйреніп барады. Бүгінде жол апатынан қаза тапқандардың арасында жастардың саны басым. Халықтың санын арттырамыз деп жүргенде, қара жолда тепсе темір үзетін, өрімдей жастардан айырылып жатқанымыз өкінішті-ақ...

Иә, қазір жол апатынан қаза тапты деген ақпаратты жиі еститін болдық. Оған бірнеше себепті алға тартуға болады. Бірақ ең негізгі себебі жол жүру ережесіне деген салғырттық, қайда апарары белгісіз жылдамдық болып отыр. Бұған жолдардың сапасыздығы мен жаяу жүргіншілердің айдың-күннің аманында қолдан жасайтын қателіктерін қоссаңыз болады. Заңда белгіленген жылдамдықты місе тұтпай, жоғары жылдамдықпен жүруді әдетке айналдырғандардың кесірінен елімізде, оның ішінде облысымызда жол-көлік апаты жиі орын алуда. Екі күннің бірінде болатын жол үстіндегі қайғылы оқиғадан талай адамның өмірі үзіліп, аман қалғаны ауыр жарақатынан орнынан тұра алмай, арбаға таңылып, мүгедек болып қалуда.

Шынында, жол бойындағы қасіретті жағдайлар азаяр емес. Әсіресе кейінгі кезде жастардың қателікке жол беруі жиілеген.

Статистика солай дейді. Құзырлы органдар жол апатынан қаза болғандардың саны артып келе жатқанын айтып жыл сайын дабыл қағады.

«Осы жылдың төрт айында кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің кінәсінен 35 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Салдарынан 4 жасөспірім жол апатынан қайтыс болып, 70 жеткіншек түрлі дәрежеде жарақат алды. Есепті кезеңде республика жолдарында жасөспірімдердің қатысуымен жалпы саны 796 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Жол-көлік апатынан 42 жасөспірім өмірімен қош айтысса, 957-сі жарақат алған. Зардап шеккен балалардың жартысынан астамы жолаушылар болса, қалғаны – жаяу жүргіншілер», – дейді Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Жандос Мұратәлиев.

Ал «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшісі Табиғат Мұсылманқұл басылымға жариялаған кезекті мақаласында жаға ұстатарлық мынадай дерек ұсыныпты.

«Еліміздегі әрбір бесінші бала жол-көлік оқиғасынан зардап шегеді екен. Жалпы алғанда жыл сайын 200-ге жуық жасөспірім жол үстінде бақилық болып, 3 мыңнан астамы түрлі дәрежедегі дене жарақатын алып жатады» – дейді ол ақпаратында.

4 БЕТТЕ

БИЫЛ 1294 ПӘТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛМЕК

Биыл Қызылорда өңірінде жаңа құрылыс нысандары ел игілігіне берілмек. Оның ішінде облыс орталығында жаңа үлгідегі баспаналар салына бастайды. Жыл аяғына дейін СПМК-70 мөлтек ауданында 500 отбасыға арналған тұрғын үйлер табысталады.

Жұма күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылордада құрылысы жүріп жатқан тұрғын үйлерді бағамдап, мердігер компания өкілдерімен кездесті.

Құрылысы өткен жылдың қаңтар айында басталған 10 несиелік тұрғын үйдің жалпы аумағы 3 мыңнан астам шаршы метрді құрайды. Облыс әкімі құрылыс жұмыстары сапалы әрі мерзімінде орындалуы қажет екенін баса айтып, бірқатар тапсырма берді.

«Алдағы уақытта құрылысқа үлкен көңіл бөлінеді. Республикалық, облыстық бюджеттен қаражат қарап, инвесторларды тартамыз. Жақында еліміздегі үлкен компаниялардың бірі – «Orda Invest» өкілдері келіп, жаңадан биік үйлерді салу туралы ұсыныс білдірді. Жоба мақұлданып, құрылысқа жер бөлінді. Қазіргі уақытта жобалау жұмыстары жүріп жатыр. Жыл аяғына дейін кем дегенде 14-15 қабатты тұрғын үй тұрғызылады. Мұнан бөлек, сол жағалау бойынан 7 қабатты жаңа үйлердің құрылысын бастаймыз.

Жалпы өңірде салынатын әрбір нысан бұдан былай арнайы кеңесте қаралып барып, орындалады, – деді аймақ басшысы.

Бір айта кетерлігі, биыл аймақта «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1294 пәтерлік 31 тұрғын үй құрылысын жүргізіп, жыл аяғына дейін 1244 пәтерді құрайтын 30 тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарда бар.

«Ақмешіт-ақпарат»

25 мамыр – мектеп бітірушілердің өміріндегі ең маңызды сәт. Соңғы қоңырау салтанаты еліміздің барлық аймағында бір мезетте өтті. Бұл адам өміріндегі жүрек толқытар, әсерлі де сәулелі шақ емес пе. Бұл – бітіруші түлектердің есінде мәңгі өшпейтін күн. Болашаққа қанат қағатын осы сәт әрбір оқушы үшін ең бір қымбат, ең бір қимас күн ретінде есінде мәңгілік қалары сөзсіз. Биыл облыс бойынша 7505 жас түлек алтын ұя мектебімен қоштасып, үлкен өмірге қадам басты. Оның ішінде 430-ы «Алтын белгіге», 720 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер.

АТТАНДЫҚ САПАРҒА, КӨҢІЛДЕ МОЛ АРМАН

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы Б.Момынбаев атындағы №278 мектеп-лицейінде өткен соңғы қоңырау салтанатына қатысып, жас түлектерге жылы лебізін жеткізді.

– Құрметті түлектер, сіздермен үлкен өмірге аттанар сәттеріңізде жүздескеніме қуаныштымын. Бұл күн түлектер үшін ерекше толқынысқа толы мерейлі сәт! Мектеп бітірушілердің көңілінде қуанышпен қатар қимас сезім де бар. Бар білімдеріңізді тәуелсіз Қазақстанның, туған жер – Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне жұмсап, үлкен жетістікке жете беріңіздер. Қанаттарыңыз талмай, бейбіт еліміздің көгінде шарықтап, ата-ананың үмітін ақтаңыздар, – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиында мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досмбетов білім ұясынан қанат қаққан жастарға ақ жол тіледі. Ал ата-аналар атынан сөз сөйлеген Мереке Елеуова аяулы ұстаздарға риясыз алғысын білдірді. Мерекелік шарада «FLEX» бағдарламасының грант иегері Бітімбай Тұмар замандастарына ізгі ниетін жеткізіп, үлкен өмірге нық қадам басуды тіледі.

Бұл сәтте оқушылар үшін өздеріне тәлім-тәрбие берген ұстаздарына деген қимастық сезімдері сезілгені анық. Мектеп бітіретін әр түлектің көзінде ұстаз жаққан от ұшқындайды.

Дамира ЕРЛАН,
Қорқыт ата атындағы университетінің студенті

ӘКІМ ЕСЕБІНЕН

Қала әкімі Асылбек ШӘМЕНОВ:

«АЙТЫЛҒАН СЫН ТҮЗЕЛМЕСЕ БІЗГЕ СЕРТ»

Қала әкімі Асылбек Шәменов А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қала тұрғындарымен кездесті. Айта кету керек, шаһар басшысы бұған дейін қалаға қарасты барлық ауылдық округті аралап, жергілікті тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдаған болатын.

2 БЕТТЕ

РЕЙД

БІЛІМ ҒИМАРАТТАРЫ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Көктем аяқталып, оқушылар жазғы демалысқа шықты. Алдағы уақытта білім ошақтарын жөндеп, жаңа оқу жылына дайындық жүргізу қажет. Қалалық мәслихат депутаттары осыны назарға алып, «Мемлекеттік бағдарламалар аясында Қызылорда қаласында білім беруді дамыту туралы» мәселені сессияның күн тәртібіне қойған болатын.

Бүгінгі таңда балалардың сапалы білім алуы бірінші орында. Сондықтан да олар жайлы ғимаратпен қамтылуы қажет. Қалалық мәслихат депутаттары күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша рейд жүргізді. Алдымен «Бегім ана» бөбекжай-бақшасына барды. Балабақша меңгерушісі Жанат Мұханбетқалиқызы бөбекжай жұмыстарымен таныстырды.

– 280 орынға арналған балабақшада қазіргі уақытта 270 бөбек тәрбиеленуде. Бөбекжай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа алып, жұмыс істейді. Қазіргі білім беру талабына сәйкес ойын арқылы баланы оқыту және тәрбиелеу қолға алынған. Мұндағы негізгі мәселе жеке кәріз құбырын орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосу және ғимараттың жылу орталығын сұйық отыннан «көгілдір отынға» ауыстыру, – дейді Жанат Мұханбетқалиқызы.

4 БЕТТЕ

Қала әкімі Асылбек ШӘМЕНОВ:

«АЙТЫЛҒАН СЫН ТҮЗЕЛМЕСЕ БІЗГЕ СЕРТ»

Тұрғындар тілегінің басым бөлігі жер кезегі, тұрғын үй алу, жол, жарық секілді әлеуметтік қажеттіліктер. Қала әкімі өзекті мәселелерді сарапқа салып, дер кезінде шешілу жолдарын қарастыру керектігін жеткізді. Айта кету керек, бұл жиынның бұрынғы сіз бен біз көрген жиындардан мүлдем бөлек. Нақтырақ айтқанда, ашық әрі әділетті. Бұқара бұйымтайын билік өкілдері өктемсіз қабылдады. Әр адам жеке-жеке уәждерін ортаға салып, шымбайына батқан жетіспеушіліктерін бүкпесіз жайып салды. «Ашынғанда шығады ащы даусым» деп осындайда айтылса керек-ті. Халық әбден әбігерге түскен мәселелерінің маңыздылығына назар аудартты. Енді оның орындалуы уақыт еншісіндегі жауапкершілік.

Асылбек Өмірбекұлы қойылған әрбір жауапқа тереңінен толған, әріден қозғап жауап беріп отырды. Бұл көпті көрген көреген басшының өтті-кетті, болды-бітті істің адамы екендігін аңғартса керек.

– Қызылорда қаласы ең біріншіден облыс орталығы. Екіншіден, Сырдың бас қаласы. Барлық аудан орталықтары осында қарап бой түзейді. Сондықтан біз атқарар шаруалар ұшан-теңіз. Әрине, жасалған жұмыс аз емес, дегенмен атқарылар кешенді шарулалар да көп. Есепті кездесудің басты мақсаты – әлеуметтің мұн-мұқтажына құлақ түріп, қордаланған мәселелердің шешу жолдарын қарастыру. Өзектілігіне қарай саралап, кезек күттірмейтін істердің түйінін тарқату. Сіздермен жүзбе-жүз кездесіп, ашық әңгімелесу арқылы ойларыңызды білу. Бұл – Жаңа Қазақстанның бүгінгі бағыты. Бұдан былай әр тоқсан сайын халықпен тұрақты түрде кездесіп отырамыз, – деді қала әкімі.

Басы 1-бетте

Расымен де, қала көлемінде ауқымды шаруалар атқарылды. Барлық салада серпін бар. Оны экономикалық көрсеткіштердің өсімінен байқауға болады. Әлеуметтің әлеуеті де айтарлықтай артып, тұрмыс-тіршілік түзеле бастады.

Сұрақ-жауап форматында тұрғындар ауыз су сапасы мен аяқ су жетіспеушілігін баса атап өтті. Сонымен қатар қаңғыбас иттердің көбейіп кеткендігі, қоғамдық көліктің уақытылы жүрмеуі секілді күрмеулі мәселер көпшілік көкейіндегі сан сауал.

– Өзім жалғызбасты көпбалалы анамын. Қала орталығындағы апаттық жағдайда деп танылған үйде тұрып келемін. Үй кезегіне 2017 жылы тіркелдім. Мүмкіндік болса осы жағына жәрдем болса, – деді Индира Байболаева.

Бұған байланысты қала аумағында мемлекеттік бағдарламалар аясында көппәтерлі тұрғын үйлер салынып жатқандығы және оның заңдылықтарына сәйкес кезегімен табысталатыны айтылды.

– Қазіргі таңда қала аумағында жаңа тұрғын үйлер көптеп салынуда. Сырдарияның сол жағалауы мен «Астана» шағын ауданында инвесторлардың көмегімен салынып жатқан тұрғын үйлер саны жыл сайын артып келеді. Бұған бірінші кезекте көпбалалы және мүмкіндігі шектеулі отбасылар қоныстанбақ. Одан кейін үй кезегінде тұрған азаматтарға беріледі. Биылғы жылдың өзінде жобасметалық құжаттар әзірленіп, республикалық бюджетке өтінім берілді. Бұл мақсаттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын таба бермек. Облыс орталығы қарқынды құрылыс алаңына айналғаны белгілі. Жүздеген көпқабатты тұрғын үй салынды. Олар пайдалануға беріліп, мыңдаған отбасы баспана бақытына кенелді. Әлі де жоспарланған құрылыс жұмыстары жалғасуда. Пәтер кезегінде тұрғандардың жайлы пәтерге қол жеткізер күні алыс емес деді, – қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Біржан Далабаев.

Бұқара халықтың басты базынасының бірі – жол мәселесі. Көшелі елге айналғанымыз көшемізден көрінуі тиіс. Қазіргі таңда қала аумағында жол құрылысы қарқын алғанын айта кету керек. Бұрынғыдай ат төбеліндей ойдым-ойдым жерлердің көбі тегістелді. Жаңадан жолдар салынуда. Міне, мұның барлығы ел әлеуетінің артқанының жемісі. Ең қажетті аумақтардағы жолдарды жөндеу жұмыстары басталып, тұрғындар сұранысына орай кей көшелерге жобасметалық құжаттар әзірленді. Бұл құжаттар мемлекеттік сараптамаға ұсынылуда. Оң қорытындысы алынса, бюджеттік өтінім сұралады. Қаражаты мақұлданса, тағы бірнеше көше жаңғыртылмақ.

– Облыс әкімінің тікелей қолдауымен үлкен сыйымдылықтағы жаңа 150 дана автобус алынатын болды. Бұл – қоғамдық көліктің жүру кестесін қайта бекітіп, жол жүру жиілігін жақындатады. Осылайша сіздер айтып жатқан қоғамдық көлік қатынасы жақсарады, – деді Асылбек Өмірбекұлы.

Жиында айтылған мәселенің қай-қайсысы да жеңіл қарап, жүрдім-бардым жауап беретін сауал емес. Қорғасындай салмағы бар халықтың көңіл түкпіріндегі түйінді түйіткіл болатын. Сондықтан да болар жауапкершілік жүгін сезген қала әкімі «айтылған сын орындалмаса бізге серт» деп ой түйіндеді.

Кездесуден кейін шаһар басшысы тұрғындарға жеке қабылдау өткізді. Өзекті мәселелер бүкпесіз ашық айтылып, барлық ұсыныстарға тұшымды жауап берілді. Оның орындалу барысын қала әкімі өз назарында ұстайтынын жеткізді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

РЕФЕРЕНДУМ – ДЕМОКРАТИЯ БАСТАУЫ

«AMANAT» партиясы жанындағы референдумды қолдауға арналған республикалық штаб мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ғалым Әміреев «Сыр медиа» ЖШС ұжымымен кездесті.

Кездесуде 5 маусымда өтетін референдумға байланысты бастамалар айтылды.

– Саяси референдум шын мәнінде демократия орнатуға бағытталған. Мұны сіздер, БАҚ өкілдері жақсы білесіздер. Бұл бастамада осы кезге дейін халықтың көтеріп келген тың мәселелері кеңінен қарастырылған. Соның ішінде партияларды тіркеуге байланысты халыққа оңтайландырылған бастамалар бар. Одан бөлек депутаттарды сайлауда да халықтың дауыс беру мүмкіндіктері қарастырылған, – деді мәжілісмен Ғалым Махмұтбайұлы.

Халық қалаулысы өз сөзінде сондай-ақ «Қаңтар оқиғасынан» кейін анықталған кемшілікті айтты. Оның сөзінше, қаңтардан кейін депутаттар кездесу жүргізгенде азапталған азаматтарды қорғайтын арнайы органның жоқ екеніне көз жеткізген. Енді мұндай шағымдар Конституциялық заң шеңберінде қарастырылатын болады. Кездесуде осы секілді маңызды өзгерістерге бағытталған саяси реформаға әр азамат қатысуы керектігі айтылды.

Журналистер қауымымен өткен кездесуге сонымен қатар облыстық, қалалық штаб өкілдері Сәрсенкүл Бихожа, Анар Ізден мен Есенжол Назаров та қатысты. «AMANAT» партиясының аймақтағы халық қалаулылары референдумның маңыздылығын айтып, 5 маусымда саяси өзгерісті қолдауға шақырды.

А.БІРКЕНОВ

АҚСУАТТЫҚТАР АЙТҚАН МӘСЕЛЕ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «әкімдерге халықтың қалың ортасына барып, тұрғындармен кездесіп, олардың мұң-мұқтажын тыңдап отыруы тиіс» деп ерекше тапсырма берген болатын. Барлық деңгейдегі әкімдер осы бағытта тұрғындармен кездесуде. Қала әкімі Асылбек Шәменов Ақсуат ауылының тұрғындарымен еркін кездесу өткізді. Қала басшысы тұрғындарға өзін таныстырып, кездесудің негізгі мақсатын түсіндірді.

– Әр ауылдағы жұмысты жоспарлау үшін ең алдымен проблемаларды білу керек. Сондықтан халықпен бетпе-бет жүздесіп, ауылдағы тірлікті тұрғындардың өз аузынан естігенді жөн көрдім. Бұл – біздің қызметтік міндетіміз, – деп атап өтті қала әкімі.

КҮРМЕУІ ҚИЫН – КҮРЕ ЖОЛ

Ақсуат ауылының тұрғыны Шаймұхамбет Әбсадықовтың айтуынша 2014 жылы Батыс Еуропа – Батыс Қытай күре жол бойынан Ақсуат ауылына қарай жол ашу мәселесі көтерілген екен. Алайда қанша жыл өтсе де бұл мәселе шешімін таппаған.

– Ақсуаттықтардың басты мәселесі – жол. Жолдың жайын жүрген білер деген. Тұрғындар айналма жолдан шаршап отыр. Бұл туралы ұсыныс-пікір айтылғанымен, нақты шешімі шыққан жоқ. Ауыл тұрғындарының өтініші бойынша күре жолдың күрмеуі шешілсе. Ақсуат ауылына кіреберіс жол салынғанын қалаймыз. Айналма жолмен жүру қиямет-қайым болып тұр тұрғындарға, – деді ауыл ақсақалы.

– Жол мәселесін тағы да ұсыныс тастап, алдағы жоспарға енгіземіз. Тұрғындардың талап-тілегі дұрыс. Сондықтан бұл проблеманы халық игілігіне шешу жолында жұмыстар істелуі тиіс, – деді қала әкімі.

«Ақсуаттықтарға от жақпайтын күн жақын» деп осыдан бірнеше жыл бұқаралық ақпарат құралдарында жазылған болатын. Дегенмен, көгілдір отынның жайы да көгермей тұр. Бүгінгі кездесуде бұл мәселе тағы да айтылды.

«Ауылымызға газ қашан келеді?» – деген тұрғындарға қала әкімі жоспарға сай жұмыстың жүргізіліп жатқандығын жеткізді.

– Негізгі жоба дайын. Жұмыстың жүргізілуі барысында өзгерістер болып жатыр. Ауылға газ тарту осы тұрғыдан кешігуде. Ақсуат, Ж.Махамбетов ауылдары мен «Наурыз» саяжайына газ тарту жұмыстары басталды. Жыл соңына дейін нақты мәселелер оң шешімін табады. Халықтың игілігі үшін тиісті жұмыстар істеліп, газды қосу бағытында тиянақты тірліктер болады, – деді қала басшысы.

ЖҮГЕНСІЗ АВТОБУСТАР ЖӨНГЕ КЕЛСЕ

Ақсуат ауылдық округінде айшықты істер бар. Ауыл тұрғындары күнненкүнге көбейіп, жаңадан қоныс аударғандар бар. Сондықтан да инфрақұрылым мәселесі назардан түспей тұр. Жаңадан көше қосылғандықтан жол мен жарықтан қиындық болады. Кездесу барысында инфрақұрылым төңірегінде сұрақтар қойылды.

– «Жарық бағаналарын орнатуға қаржы қаралуда. Әр үй өзі орнатып алған электр сымдарын ретке келтіру қажет. Мұны ауыл әкімі қадағалап отыруі тиіс» – деген қала әкімі ауыл әкімі Мәмбетәлі Ақмырзаевқа тапсырма берді.

Тұрғындарды қоғамдық көліктің де мәселесі шаршатып отыр. Жарты сағаттап күтетін №12 бағыттағы көліктің уақыты реттелгенін қалайды. Расында, қаладан ауылға қатынап жұмыс істейтін ақсуаттықтар көп. Сондықтан қаладан ауылға қатынайтын қоғамдық көліктер уақыты реттелсе деген талаптары орынды. Сондай-ақ жүгенсіз кеткен автобустардың жүргізушілері де жөндерімен жүрсе...

Бүгінгі кездесуде ақсуаттықтардың көкейінде жүрген көптеген мәселеге тиісті сала басшылары жауап берді. Қала әкімі маңызды мәселелерді шешу жолында бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЕР ЕДІ...

Адам өмірі қай кезеңде де тікелей еңбекпен байланысты. Қоғам және адамның түрлі өзгерістер арқылы дамитынын бәріміз білеміз. Алайда мұндағы негізігі фактор – еңбек. Міне, сол еңбекпен елдің еңсесін тіктеп, туған өлкенің өзгеше түлеуіне үлес қосқан тұлғалар жетерлік. Соның бірі – ақжармалық Рахматулла Қайыпқожаұлы Бақбергенов.

Рахматулла Қайыпқожаұлы 1934 жылы 21 желтоқсанда Қызылорда облысының Сырдария ауданында дүниеге келген. Заманның қиынқыстау кезеңінде өмір есігін ашқан оның балалық шағы оңай болған жоқ. Өйткені ол өмірге келген кез 1930-1933 жылдардағы ашаршылықтан кейінгі жыл еді. Ел нәубеттен еңсе тіктей алмаған кез бұл.

Қазақстанда жүргізілген сталиндік-голощекиндік реформа, содан туындаған шаруалардың жекеменшігін тәркілеу мен жою, бас көтертпес ет, астық тағы да басқа ауыл шаруашылығы өнімдері салықтары, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын жаппай және күшпен отырықшыландыру науқандарының салқыны кете қоймаған шақ. Ашаршылық аздай, кейін бұған Ұлы Отан соғысы қосылды. Кейіпкеріміз қасіретті кезеңде майдан даласында қан кешпесе де, тылда жүріп, жеңісті жақындатуға еңбегімен атсалысқан.

Осындай қиын кезеңмен өмірі тұспа-тұс келген Рахматулла еңбекке ерте араласады. Әлі буыны қатпаған балалық шағында тұрмыстың да, дәуірдің де қиыншылығын бір кісідей көрген кейіпкеріміз еңбек жолын 1955 жылы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық станциясында жүргізуші болып бастайды. Тек 1966 жылы ауылына оралып, Қызылорда машина сынау станциясында жүргізуші болып орналасады. Кейін аталған мекемеде механизатор болып қызмет атқарады. Осы уақыт аралығында адал еңбек, біртоға мінезімен ортасына танылып түседі. Айналасындағылар оның еңбекқорлығына ілтипатпен қарайды. Қандай істің басында жүрсе де, әр ісін тиянақты істейтін ол ел сеніміне ие болады. Оның қабілетін аңғарған басшылар түрлі қызмет те ұсынады. Содан араға біршама жыл салып, 1974 жылы шаруашылықтағы күріш бригадасының бригадирі болады. Осы жылдары елге елеулі еңбегі сіңгенін жерлестері әлі күнге ұмытпай айтып жүр.

– Осы МИС-ке жоғарғы оқу орнын бітіріп жолдамамен келгеніме де 50 жылдан асып кетіпті. Ол кезде ауыл қазіргідей емес, шағын болатын. Бірақ қанша жыл өтсе де, ауылдың қазығын қадап, шаруашылықтың негізін қалаған Рахматулла ағамыздың жарқын бейнесі есімде жақсы сақталыпты.

Ғ.Мұратбаев көшесінде тұрамыз. Ол кезде мен отызға тола қоймаған жас жігітпін, инженер-сынақшы болып жұмыс істеймін. Ақ-сары келген, келбетті, жүзінен қарапайымдылығы байқалып тұратын ағамыз осы көшемізбен күнде өтеді. Үйдегі үлкендерге сәлем беріп кетеді және күнде осы қалпынан танбайтын. Адамгершілігі мен кішіпейілділігі ғой.

Ол кісі шаруашылықта жүргізуші, механизатор, күрішші болып жұмыс істеді. Іскерлігінің, жұмысына жантәнімен берілгендігінің арқасында күріш бригадасының бригадиріне дейін көтерілді. Табандылығы, адамдарға қамқорлығы мен талап қоя білетіндігі шаруашылықтың көшін біраз ілгерілетті, – дейді ауыл тұрғыны, еңбек ардагері Жанахмет Түленов.

Иә, еңбек есейткен кейіпкеріміздің еткен еңбегі жайлы айтар сөз, келтірер дерек аз емес. Дегенмен көзін көрген кісілерден артық кім айтсын?!

– 1970 жылдан бастап Рахматулла ағаның еңбек жолымен таныспын. Себебі ол кісі 30 шақырым әріде орналасқан Тасбөгеттегі №172 орта мектебіне көп жылдар бойы ауылдың оқушыларын тасымалдады. Ағаның қарапайымдылығы, балаларға жайлылығы сондай, бүгінде оны білетіндер ол кісінің адамдығын ұмытпаған. Әлі күнге айтып жүреді. Көктемгі қайнаған тіршілікте таң сәріден егіс алқабын аралап, қас қарая отбасына оралатынын бәріміз көргенбіз. Еңбекқор кісі еді ғой, – дейді ауыл тұрғыны, ардагер-ұстаз Мереке Асанбаева.

Ғұмыр бойы адамдық қалпынан айнымай, адалдықтың ақ туын жықпай өткен бұл кісінің ел үшін еткен еңбегін кейінгі ұрпақ ұмытпақ емес. Ауыл тұрғындары оның табандылығына риза болатын. Бұлай деуімізге себеп жоқ емес. Күріш бригадасының бригадирі болып тағайындалған соң, тәуір нәтижеге жеткенше, сонда табан аудармай 1982 жылға дейін 8 жыл еңбек етеді. Осы жылдары еткен еңбек, төккен тер ақталып, оның басқаруымен ұжым жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, егістен мол өнім алады.

Оның бұл еңбегі елеусіз қалмай, араға жылдар салып халқының құрметіне бөленеді. Санамалап айтсақ, оның еңбегін мемлекет жоғары бағалап, 2 мәрте II-III дәрежелі социалистік жарыс жеңімпазы медалімен марапатталған. Кейін «Бес жылдық» озаты төсбелгісімен және III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен, «10 жылдық» төсбелгісімен марапатталады. Оның еселі еңбегін байқаған болу керек, кезекті бір марапат кезінде оған кезектен тыс «Москвич» автокөлігін сыйға тартады. Бұл да оның жемісті еңбегіне деген алғаусыз алғыс еді.

Иә, Рахматулла Бақбергеновтің есімі Сырдағы шаруа халыққа жақсы таныс. Ол елге еселі еңбек етті, әлі де еңбек етер еді. Бірақ 1987 жылы 18 шілдеде ұзаққа созылған аурудан өмірден озды. Алайда Рахматулла ағамен оның жары Шартай апаның артында 9 баласы қалды. «Алтынның сынығындай» сол балалардан бүгінде 19 немере, 47 шөбере тараған. Ал сексеннің сеңгіріне шыққан Шартай апа – батыр ана. Балалары әке ізін қуып шаруашылықпен айналысқан.

Бүгінде Қызылорда қаласына қарасты Баймұрат батыр ауылында Рахматулла Қайыпқожаұлының атында мешіт бар. Осыдан 10 жыл бұрын іргетасы қаланған қасиетті үйге халық бірауыздан «Рахматулла» атын берген.

Қазақ жақсының қадіріне жете білген халық. Әрлі-берлі тарихтан сөз тартып, бұл кісінің жасаған жақсылығын бұлдау ойымызда жоқ. Дегенмен ауыл тұрғындары талай ұрпақтың кіндік қаны тамған жердің қазығын қағып, негізін қалаған еңбегі ерен тұлғаға ауылдан көше аты берілсе дейді. Бұл Рахматулла Қайыпқожаұлының ел үшін еткен еселі еңбегінің, қиындыққа толы өмірінің өтеуіндей болар ма еді?!

Ақтілек БЕРДІБАЙҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысына сәйкес, 2022 жылғы 29 маусым жергілікті уақыт 10:00-12:00 аралығында Ақжарма ауылдық округінің Баймұрат батыр ауылында атаусыз қалған бірқатар көшелеріне еңбек ардагерлерінің есімдерін беру туралы ауыл тұрғындары арасында жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Күн тәртібінде:

Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр ауылындағы атаусыз көшесін – Тоқболатова Қымбат, атаусыз көше – Досмағамбетов Садықбек, атаусыз көше – Нұрашев Жақсылық, атаусыз көше – Айходжаев Мұқашбек, атаусыз көше – Исмаилов Ибрахим, атаусыз көше – Қалиев Марат, атаусыз көше – Бақбергенов Рахметдулла деп атау туралы ұсыныстары қаралады.

1. Тоқболатова Қымбат 1933 жылы 27 ақпан айында дүниеге келген. 1952-1956 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының тіл және әдебиет факультетін бітірген. 1964-1987 жылдар аралығында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Машина Сынау Стансасындағы бастауыш мектеп негізінде ашылған №218 орта мектепте зейнеткерлікке шыққанға дейін мектеп директоры қызметін атқарған.

2. Досмағамбет Садықбек – 1935 жылы 10 қазанда дүниеге келген. 1951-1955 жылдар аралығында Қызылорда ауылшаруашылық техникумын бітірген. 1965-1993 жылдар аралығында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Машина Сынау Стансасында басшы инженер, бас инженер, мал шаруашылығы инженері қызметтерін атқарған.

3. Нұрашев Жақсылық – 1945 жылы 9 мамырда дүниеге келген. 1963-1968 жылдары Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын бітірген. 1968 жылы жолдамамен Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Машина Сынау Стансасына келіп 1987 жылға дейін бас инженер болып қызмет жасаған.

4. Айходжаев Мұқашбек – 1952 жылы 22 қазанда дүниеге келген. 1969-1977 жылдары Қазақ политехникалық институты, Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. 1977-1998 жылдары Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Машина сынау Стансасында Комсомол комитетінің секретары, бас инженер, лаборатория басқарушы, ауыл әкімі қызметтерінде болды. 1998-2003 жылдары «Ақжарма» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болған.

5. Исмаилов Ибрахим Жәлелұлы 1953 жылы 12 шілдеде дүниеге келген. 1971-1976 жылдары Алматы қаласындағы Қазақтың ауыл шаруашылығы институтын бітірген. 1976 жылы жолдамамен Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Машина Сынау Стансасына келіп 2000 жылға дейін аға инженер, сүт фермасының меңгерушісі, бақылаушы-инженер, шеберхана меңгерушісі, бас инженер, тәжірибе шаруашылығы орынбасары қызметтерін жасаған. 2000-2004 жылдары «Меруерт» шаруа қожалығының төрағасы, 2004-2008 жылдары Ақжарма ауыл округінің әкімі, 2009-2013 жылға дейін «Галай-Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде төраға болған.

6. Қалиев Марат – 1958 жылы 8 наурызда дүниеге келген. 1975-1980 жылдары Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын бітірген. 1980-1997 жылдары Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Машина Сынау Стансасында инженер-механик, лаборатория меңгерушісі, директор қызметтерін атқарған.

7. Бақбергенов Рахметдулла – 1934 жылы 21 желтоқсанда дүниеге келген. 1966 – 1982 жылдар аралығында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Машина Сынау Стансасында көлік жүргізуші, механизатор, күріш бригадасының бригадирі болған.

ҚҰЛАҚ АУЫРСА, НЕ ІСТЕЙМІЗ?

Емханаға бара қалсаң, құлақ, мұрын және тамақ ауруын емдейтін дәрігердің алды үнемі адамнан босамайды. Өйткені қазір құлағы ауыратын, туабітті есту қабілеті нашар науқас қатары көп. Олар дер кезінде дәрігерге қаралып, уақытылы ем-дом алмайды. Салдары созылмалы асқынуға әкеп соғуда. Адамның басқа мүшелері сияқты, барынша мұқият назар аударуды қажет ететін ағзаның бірі – құлақ. Суға шомылу, салқын тигізу, тұмау – оның асқынуының бірден-бір себебі. Сондай-ақ бас шайқалу, бас-сүйек жарақаты да тікелей әсер етеді. Мамандардың айтуынша, соңғы кезде қала тұрғындары арасында құлағы ауырып, есту қабілеті төмендеу жиілеген.

«Бас ауырса – цитрамон, тіс ауырса – пенталгин ішеміз. Алайда құлақ бітеліп, шаншып ауырса не істейміз? Жасыратыны жоқ, мұндай жағдайда біріміз құлағымызды мақтамен тазалаймыз. Ал енді біріміз сыртын спиртпен сүртеміз. Бірақ мамандар қандай жағдай болмасын, құлақты өз еркімен емдеуге болмайтынын ескертеді. Себебі оған бактерия, вирус түсіп, құлақ қуысын қабындырады. Оның соңы есту қабілетінің төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

– Бұл ауру балаларда көп кездеседі. Олардың ішкі құрылысына байланысты. Себебі салқын тиіп, тұмау болған жағдайда мұрыннан сұйықтық ағады. Ал мұрын мен құлақтың ортасында есту түтікшесі орналасқан. Ол балаларда енді дамып келе жатқандықтан құлақ ауруының асқынуына әсер етуі мүмкін. Бұл ауру иммунитеті төмен, туа біткен ақауы бар балада жиі кездеседі. Сондықтан жас аналар аяғы ауыр кезде барынша өз денсаулығын күтіп, тұмаумен ауырмағаны жөн. Ал егде кісілерде жасының ұлғайғанына байланысты есту қабілеті төмендейді. Олардың жас кезінде қандай аурумен ауырғаны да құлаққа әсер етеді. Жалпы бас, ми, құлақ, мұрын, ауыз қуысы бір-бірімен тығыз байланысты. Осыған орай аурудың неден, қалай пайда болғанын анықтау үшін барлығын бөліп жармай бірге тексереміз. Қан қысымының төмендеп кетуі, қатты уайымдау, бастың жарақаттануы құлақтың нашарлауына әкеп соғады, – деді қаладағы «Mediker» клиникасының отоларинголог дәрігері Қалдыгүл Сейілова.

Жалпы алғанда құлақ аурының – ортаңғы отит, созылмалы отит, құлақтың сыртқы қабынуы секілді бірнеше түрі бар. Дәрігердің айтуынша, балалар арасындағы ең жиі кездесетін түрі – ортаңғы отит. Қарапайым тілмен айтқанда, ортаңғы құлақтың қабынуы. Ол көбіне балаға суық тигенде, инфекциялық аурулардың асқынуынан дамиды. Соның салдары құлақтың қабыну процесін тудырады. Ол солқылдап ауырып, құлақтан бұлақ ағып, тіпті дене қызуы көтеріледі. Егер қабыну процесі біршама уақытқа созылса, ортаңғы құлақта жапсырма және тыртық пайда болып, құлақ нашар еститін болады. Мамандардың айтуынша, ортаңғы құлақтың қабынуын дер кезінде емдемесе, арты созылмалы ауруға ұласады. Бұл кезде құлақ ауырып, бітіп қалғандай сезім пайда болады. Көбіне құлақты қою сұйықтықтан тазарту үшін ота жасайды екен. Дәрігерлер созылмалы ортаңғы құлақтың қабынуы 6-12 жастағы балалар мен 5-7 жастағы жеткіншектерде жиі кездесетінін айтады.

Қазіргі кезде заман талабына сай күннен-күнге дамыған заманауи технологияның арқасында сан түрлі есту құрылғылары қолданыста бар. Бүгінде дыбыс есту мүмкіндігінен айырылған қаншама жанға осы құрылғы қайта үміт сыйлауда. Осыдан бірнеше жыл бұрын аппараттың көмегіне жүгіну үшін емделушілер еліміздің ірі қалаларына баратын еді. Ал қазір мұндай мүмкіндік біздің өңірде де қолға алынған. Алысқа барып сабылмай, жақын жерден-ақ өзіне керегіне қол жеткізуге болады.

Мамандар құлақтың естімейтінін екі нәрсе арқылы анықтайды. Олар ауа және сүйек. Бұрын жүре пайда болған саңыраулықтың ешқандай емі болмаған. Алайда соңғы он бес жылдың көлемінде жасанды ұлу арқылы медицина есту мүшесін қайта қалпына келтіріп, адамды мүгедектіктен құтқаруда. Ал түрлі аурудан пайда болып, асқынып, созылмалы құлақ ауруына шалдыққан әрбір науқасқа есту құрылғысын ұсынып отыр.

– Науқас аурудың төртінші немесе бесінші сатысында болғанда ғана бұл құрылғыға жүгінгені жөн. Егер жұмысына байланысты қиындықтар туатын болса, бірінші сатысына да ұсынуға болады. Бізде бұрын тек құлақтың сыртында тұратын құрылғылар қолданыста болса, бүгінде ыңғайлы, көлемі кішкентай, ішінде тұратын құрылғы да бар. Қазіргі кезде жастар құлақтың ішіне орналасатын құрылғыны жиі қолданады. Құлағы нашар еститін балалар өз ортасынан оқшаулау жүруге тырысады. Ешкіммен араласпай, тұйықталып өседі. Қатарластарының арасында өзін кемсітіп, төмен санайды. Сондықтан балаларына есту құрылғысының ең қымбатын, қолайлысын алып беретін ата-аналар бар. Оны қолданған әрбір адам суға түскенде, ұйықтар алдында алып қойған жөн, – деді Қ.Сейілова .

Негізінде бұл құрылғыны есту қабілеті нашарлағанда не мүлде естімей қалғанда дыбысты күшейту үшін пайдаланады. Ол микрофоннан, электр тербелісін күшейткіштен және корек беретін электр көзінен тұрады. Бұл электрлі есту құрылғысы XX ғасыр басында АҚШ-та пайда болған. Бүгінде мұның құлақтың сыртына, ішіне, қалтаға салынатын, көзәйнекке ілінетін бірнеше түрлері бар. Құлақтың артында тұратын қондырғы көбіне пластиктен жасалады екен. Бұл арқылы адам анық естіп, қалыпты жауап бере алады. Дегенмен мамандардың айтуынша, қазіргі кезде құлақтың ішіне салынатын шағын құрылғылар сұранысқа ие.

– Жол апатына түсіп, ауыр жарақат алдым. Басыма зиян тигендіктен құлағыма да әсер етті. Есту қабілетім нашарлап, бірнеше рет ота жасаттым. Бүгінде осы құрылғының көмегінің арқасында ел қатарлы өмір сүріп жүрмін. Айналамдағылармен емін-еркін араласамын. Уақытылы дәрігердің қадағалауында болып, үнемі тексеріліп, құлағыма сәйкес құрылғыны ауыстырып отырамын. Қазір заман талабына сай күннен-күнге технология дамып, түрленуде. Алдағы уақытта, ең соңғы үлгімен шыққан құрылғыны қолдансам ба деп жүрмін, – дейді қала тұрғыны Ерлан Жарасұлы.

Жалпы құлақ тыныштықты қалайды. Ал құлағына күні бойы құлаққап тағып жүретіндерді жиі көреміз. Ондағы дауыс құлақтың жүйке тамырларына әсер етеді екен. Кейін құлақта бітпейтін шуыл пайда болады. Осылайша құлақтың қызметі бұзыла бастайды. Көбі құлаққаптың зиян екенін білсе де, мән бермейді. Алайда сала мамандары құлақтың қызметі бір күнде бұзылмайтынын, осындай дүниелер кері әсер беретінін алға тартуда.

Сондай-ақ қазір құлағын шұқып отырғандарды жиі көреміз. Алайда медицинада құлақты жиі шұқи беруге болмайды. Әсіресе басына мақта оралған арнайы таяқшаларды қолданбаған абзал. Өйткені олар құлақ қалқанын ғана тазалауға қолайлы. Мұндай кезде құлақтың есту арнасын таза ұстауға көмектесетін арнайы тамшыларды пайдаланған абзал.

БАЛА БАҚЫТЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

«Балалар жылына» орай денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният баланың денсаулығын сақтау жөніндегі шараларды іске асыруға баса назар аударуда. Атап айтсақ, қан құрамына, жалпы зәр талдауына аса көңіл бөлу, жай талдаулар арқылы көптеген аурудың алдын алуға мониторинг жасап, қарауда. Сондай-ақ балаларды туа біткен әртүрлі аурудан отоакустикалық эмиссия, есту әлеуетін тіркеу арқылы барлық медициналық ұйымға апараттарды жеткізу, аутизмге арналған түрлендірілген скринингтік тестілер емханаларда енгізіле бастады.

Расында, денсаулық – басты байлық. Себебі «Он екі мүшең сау болса, жарлымын деме» деген тәмсіл денсаулықтың адам өміріндегі орнын аңғартып тұрғандай. Бүгінде дені сау баланы дүниеге әкелу де үлкен ерлікпен тең. Өйткені демографиялық ахуалды жақсартуда ана мен бала денсаулығы маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезде бір өкініштісі, нәрестелер ауруы медицина мамандарын ойландыруда. Олардың айтуынша, ең бастысы әйелдер өз денсаулығына көңіл бөлуі тиіс. Себебі дені сау анадан дені сау бала дүниеге келеді. Соңғы кездері уақытынан ертерек босанатындар қатары артқан. Оған бала көтеру жасындағы әйелдердің басым көпшілігінің қан аздығы мен иммунитеті төмендігі себеп болуда. Оны күнделікті өмірден де көріп жүрміз. Жасыратын несі бар, елімізде ағзасы жан-жақты жетілмеген, аурушаң, әлсіз сәбилер жарық дүниеге келетін жағдай жиілеп кетті.

Денсаулық сақтау министрінің айтуынша, биыл ауру балалардың еміне республикалық бюджет есебінен 16,5 млрд теңге қаражат бөлінді. Оған 9 сирек немесе орфандық аурулары бар балаларды емдеу үшін 24 дәрілік зат сатып алынады. Сирек кездесетін аурулар ішінде жұлын-бұлшықет атрофиясы және эпилепсиясының сирек кездесетін түрлері бар. Сонымен қатар өткен жылы Президенттің тапсырмасымен «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасы іске қосылды. Мұнда 2026 жылға дейін жыл сайын 7000 квота бөлу көзделген. Биыл сәуір айындағы жағдай бойынша ЭКҰ арқылы 1307 бала дүниеге келіп, 3063 әйел жүкті болды. Бұл көрсеткіш 43 процентті құрап отыр.

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН...

«Балалар жылына» орай облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен «Aray City Mall» сауда орталығында ашық есік күні өтті. «Барлық мейірім балаларға!» атты шарада арнаулы мамандар бүлдіршіндерге кеңес берді.

– Бала біздің жарқын болашағымыз. Бүгінде денсаулық сақтау басқармасы тарапынан түрлі акциялар басталды. Соның бірі міне, балалар жылына орай ұйымдастырылып отыр. Бүгінгі шараны арнайы адамдар көп шоғырланатын сауда орталығында өтуде. Мұнда облыстық балалар ауруханасы, №3 қалалық емхананың арнаулы сала дәрігерлері балаларды қарап, кеңес беруде. Олардың ішінде онко-гематолог, невропатолог, хирург дәрігелері бар. Өзіңіз көріп тұрғандай, келушілер саны өте көп. Алдағы уақытта облыс көлемінде медициналық ұйымдарда ашық есік күндері жиі өткізіледі, – деді облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов.

Расында, баласын дәрігерге көрсетуге келген ата-аналар қарасы қалың. Солардың бірі – Қазалы ауданынан келген Раушан апа. Ол немересінің асқазаны ауырған соң, облыс орталығына ақылы негізде көрсету үшін келген. Алайда осындай ашық есік күні өтетінін естіп, УЗИ-ға түскен барлық қағазын әкеліп, дәрігер кеңесін алды. Енді дәрі-дәрмегін алып, ауылға қайтамыз деп қуанып тұр.

Мейірім – әрбір балаға жылулық сыйлайды. Бүгінгі шара да сондай игі істердің бір парасы. Сондай-ақ мұнда тексерілуге келген бүлдіршіндерге ақ халаттылар тарапынан түрлі сыйлық табысталды. Қарап отырсақ, бір-бір баланы жетектеген ананың жанарынан алаңдаушылық байқалады. Дегенмен аниматордан түрлі сыйлық алған бала қуанышында шек жоқ.

ОҢАЙ ТАҒАМНАН ОПЫҚ ЖЕМЕҢІЗ...

«Ас – адамның арқауы». Расында, дұрыс тамақтану адам денсаулығының басты кепілі. Ас-су – өмірдің қайнар көзі. Алайда қазір көзі ұйқыға кеткенше, ас ішетіндер көп. Тіпті арамызда жүйкесі жұқарып, ашуланса да өзін тоқтата алмай, тәтті жейтіндер бар. Жасыратын несі бар, бүгінде жастар түгілі үлкендердің өзі тез әрі оңай дайындалатын тағамдарға әуестеніп алды.

Соңғы жылдары елімізде аурудың сан түрі пайда болуда. Атап айтқанда, созылмалы гастрит, өттің толуы, ұйқы безінің қабынуы, семіздік кең етек жайып отыр. Сондай-ақ қазір екінің бірі асқазан ауруынан зардап шегуде. Бұл жалғыз бізде ғана емес, әлемнің біраз елдерінде де үлкен мәселеге айналуда. Өйткені шетелдіктер жылдам дайындалатын тағамды тұтынуды бізден бұрын бастап кеткен. Соның салдарынан кәмелет жасқа толмағандардың арасында шамадан тыс салмақ қосып, семіздік ауруына шалдыққандар көп.

Қазіргі кезде біздің елде де аяғыңды аттап бассаң, көше бойында фаст-фуд тағамдарын сататын дүңгіршектерден көз сүрінеді. Олардың алды қай кезде де лық толы. Кейде ұзын-сонар кезектің қатарында өзіміз де тұрамыз. Ол анық. Себебі қазір зымыраған уақыт сені күтпейді. Бүгінде тез дайындалатын тамақ түрлеріне сұраныс артуда. Қарбалас тіршіліктің соңында жүріп, уақытылы тамақтанудан да қалып барамыз. Кез келген жерде фаст-фуд тағамдарын алып, жолай жегенді жөн көреміз. Алайда оның денсаулыққа қаншалықты зиян екеніне ешкімнің де бас қатырғысы жоқ.

«Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтылмаса керек. Түрлі ауруға шалдығып, оны асқындырып алғандар саны қаншама. Мұның бәрі дұрыс ас ішпегеннің салдары. Қазір түскі ас кезінде жеңіл тамақтану әдетке айналды. Сондай-ақ майға қуырылған өнімдерді күнделікті қолданысқа енгіздік. Дегенмен арнайы мамандар фаст-фудты адам өміріне қауіпті деп есептейді. Бірақ олардың қаншалықты зиян екенін медицина дәлелдесе де бас тарта алмай отырмыз. Қазір гамбургер мен пицца, донер, кәуаптар көпшіліктің сүйікті асына айналып үлгерген.

Жақында туысқан ағамның үйіне қонаққа бардым. Үйде тек жеңгем мен қыздары ғана екен. Есіктің қоңырауы басылды. Кішкентайлар орындарынан секіріп, «суши, пицца келді» деп қуаныштарында шек жоқ. Соншалықты баланы қуантқан не болды екен деп таңғалдым. Менің де білгім келіп барады. Сөйтсем, жеңгем пиццаға тапсырыс беріпті. Тамақ дайындауға ерініп, осыны алдырса керек. Алайда мұның бала өміріне қаншалықты зиян екенін білсе де мән бермейміз. Аурудың астан екені белгілі. Жеңіл асқа желігіп, фаст-фудтың құрбанына айналып бара жатқандаймыз. Десе де асығыс жүріп, талғамай тамақтану талайдың денсаулығына кесірін тигізуде.

– Бүгінде елімізде уақытылы дұрыс тамақтанбайтын адамдар қатары көп. Сондықтан ас қорыту жүйесі бұзылып, асқазан жарасы пайда болатындар саны артып отыр. Өкініштісі, олардың басым бөлігі жастарды құрауда. Оның ішінде балаларда да кең етек жайған. Өйткені олар дүкенде сатылатын «чипсы», «кириешки» сынды қытырлақтарға құмар. Көпшілігіне астың сапасы емес, оның тез әрі дәмді дайындалатыны маңызды сияқты. Дұрыс тамақтана білу адам денсаулығының құрамдас бір бөлігі. Сонымен қатар дұрыс тамақтану мезгілсіз, ерте қартаюдың алдын алады. Қандайда бір ауруға тап болған жағдайда өзіндік емдерді қолданбаған жөн. Ол денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін. Аумақтың емханадағы арнайы дәрігерлердің көмегіне жүгінген абзал. Сондай-ақ уақытылы құнарлы тағамдар балалар мен жасөспірімдердің денесі мен ақылының бірқалыпты дамуы үшін ерекше мәнге ие. Ал астың жетіспеуі баланың бойының өсуі мен дамуын кешеуілдетіп, ағзаның түрлі ауруға қарсыласуын төмендетеді. Сондықтан артық тамақтануға да болмайды, – деді №3 қалалық емхананың гастроэнтеролог дәрігері Гүлзира Кенжебаева.

Бұрын қоғамдық орын мен көпшілік жерде, көшеде тұрып тамақ жегендер ерсі көрінетін. Ал қазір мұндайға да көз үйренді. Үлкені де, кішісі де көше жағалай тамақтануды әдетке айналдырған. Дәмі тіл үйіретін мұндай тағамдар, әсіресе, жаз мезгілінде қауіпті. Олар ыстықта тез бұзылып, адамдар жиі уланып ауруханаға түседі. Себебі бұлар көп жағдайда санитарлық талапқа сай жерде дайындалмауы мүмкін. Сондықтан «Ауырып, ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеген» жөн.

Дәрігердің айтуынша, қазір қозғалыс аз. Асты қорыту үшін көп қимылдап, әсіресе, жаяу жүріп, жүгіріп, бір сөзбен айтқанда, күн сайын бойдағы энергияны сыртқа шығарып отырған жөн. Бұрын ата-бабаларымыз жылқы, қой, сиыр етін жеп, ағарғанды үзбей ішкен. Бұл тағамдардың пайдасы жайлы айтпасақ та белгілі. Қарап отырсақ, қазіргі жастар ет жемейді. Ағарған ішпейді. Тек құрамында зиянға толы тәтті тағамдарға құмар. Алайда оның денсаулыққа зиян екені бесенеден белгілі. Сондықтан дұрыс тамақтана білейік!

ТУБЕРКУЛЕЗДЕН САҚТАНАЙЫҚ

Биыл облыста туберкулезге шалдығу көрсеткіші 3,9 процентті құрап, аурушаңдық деңгейі 100 мың адамға шаққанда 13,3 процент болды. Ал балалар арасында туберкулезге шалдығу көрсеткіші керісінше 38,2 процентке төмендеген. Бұл жөнінде облыстық фтизиопульмонология орталығының бас дәрігері Әбдіғабит Әбләзім мәлімдеді.

Дегенмен жыл басынан бері туберкулездің эпидемиологиялық жағдайында өсу көрсеткіші байқалады. Себебі облыс бойынша бүгінге дейін туберкулезге шалдыққан 140 науқас тіркелді. Сондай-ақ қайталап ауырғандар саны 29 адамға өсіп отыр.

Жалпы туберкулез таяқшасы ауа арқылы таралып, 85 процент тыныс алу ағзаларын зақымдайды. Әсіресе екі жыл қатарынан коронавирус инфекциясы халықтың иммундық жүйесін әбден төмендетіп тастады. Осыған орай дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сарапшылары алдағы 2-3 жылда туберкулездің аурушаңдығы 10-15 процентке өседі деп дабыл қағуда.

Облыстық фтизиопульмонология орталығының бас дәрігерінің айтуынша, аймақтағы емдеу мекемелерінде 39 флюро қондырғылары бар. Олардың 80% соңғы үлгідегі сандық жүйемен жабдықталған. Дегенмен туберкулездің жұқпалы ауру екенін ескеріп, «Сақтансаң сақтаймын» деген қағиданы ұстанған абзал.

Бетті дайындаған
Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

ЖОЛ МҰРАТЫ БЕЛГІЛІ, ЖЫЛДАМДЫҚТА НЕ МҰРАТ?

Расында, қазір жол апаты салдарынан көз жұмып жатқандар жетерлік. Биыл қыс мезгілінде Батыс Қытай – Батыс Еуропа жолында үлкен жылдамдықпен келе жатқан жеңіл көлік жүк көлігіне соқтығысып, ішіндегі барлық адам тіл тартпай кеткенін естідік. Ал осыдан бірнеше ай бұрын Назарбаев даңғылында «Приора» көлігі бағдаршамның адамдар үшін жасыл жанып тұрғанына қарамастан жаяу жүргіншілер жолымен өтіп бара жатқан мектеп оқушысын қағып кеткенін көзбен көрдік. Соққының қатты болғаны сонша, оқушы қыз аспанда бірнеше мәрте айналып барып, жерге құлады. Ол көрініс көзбен көрген адамның санасына жүк түсірерліктей еді. Хош, жылдамдықты асырып, діттеген жеріме тез жетем деп адам өмірін қиятындар аз емес. Қорқыныштысы да сол, қазір көлікке не таксиге міне қалсаңыз, иманыңызды үйіріп отырасыз. Өйткені осындай көз көрген, құлақ естіген жайттар санамызда «жаңғырып» тұрады.

Осы тұста бір мысал келтірейікші. Өзіміз күнделікті таксиге мінеміз. Бірақ бейнебақылау орнатылмаған жерлерде таксистердің арқаны кеңге салып, «газды» түбіне дейін басатынын көріп жүрміз. Межелі жерге тез жетіп, келесі бір тапсырысты орындау үшін тар жолда киіп-жарып, асығады да жүреді бұлар. Нәпақасын табу үшін шығар мұның бәрі, әйткенмен заң бәріне ортақ. Ал «адам өмірі – мемлекеттің басты қазынасы». Сондықтан біздің елде осы жайттар кемшін түсіп жатқандай көрінеді кейде.

Қазір елімізді былай қойғанда, біздің облыстың өзінде жағдай мәз емес. Мақаланы жазу барысында облыстық полиция департаментіне хабарласқан едік. Департаменттің баспасөз қызметінің мәліметінше, 2021 жылы облыс аумағында 107 жол-көлік оқиғасы болған. Ал апат салдарынан 141 адам жарақат алып, 24 адам қаза тапқан. Биылғы дерек те көңіл көншітерлік емес. Әлі жылдың белуарынан аспасақ та, облыс көлемінде апатты жағдайлардың саны артып, адам шығыны көбейген. Нақтырақ айтсақ, алғашқы төрт айдың өзінде 117 жол көлік оқиғасы орын алып, 145 адам жарақат алған. 40 адам ажал құшқан.

Мына ақпараттарға қарап, жол қауіпсіздігіне көп кесірін тигізетін жүргізушілердің жүгенсіздігі екенін анық аңғаруға болады. Жоғарыда айтқанымыздай, жылдамдыққа жылдамдық қосып, асығып жүретін көлік иелерінің көбіне патрульдік кезекшіліктер мен бейнебақылау камералары жоқ жерлерде өрескел ереже бұзатынының әсері бұл.

Осындай келеңсіздіктердің салдарынан ауруханаға түскендер де көп. Солардың бір бөлігінің санын білмекке, облыстық көпбейінді аурухана директорының орынбасары Алмас Әбілпаттаға хабарластық.

– Былтыр облыстық көпбейінді ауруханаға жол-көлік оқиғасымен 624 адам түсті. Соның 148-і жатқызылды. Оның ішінде 13 адам госпитализацияланып, алтауы жағдайларының ауырлығына байланысты әртүрлі жарақаттарымен реанимация бөліміне жатқызылды. Жалпы 2021 жылы 5 адамның жарақаты ауыр болып, бақилық болды. Ал биыл жол апатымен 170 адам ауруханаға түсіп, оның 44-і жатқызылды. 3 адам қайтыс болды, – деді облыстық көпбейінді аурухана директорының орынбасары Алмас Әбілпатта.

Мына сандар расында жантүршігерліктей ғой. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, биылдың өзінде тәртіп сақшылары Қазақстан бойынша жол қозғалысы ережелерін бұзудың 3,8 миллион дерегін тіркепті. Оның 68 проценті жылдамдықты шектен тыс асыруға байланысты. Бұл дегеніміз, елімізде әрбір екінші жүргізуші аса жоғары жылдамдықпен жүйткитінін білдіреді. Қателік қайда жатыр десеңізші...

Қала ішінде зуылдайтын автокөліктер жайында тұрғындармен тілдескен едік.

– Біздің қалада көлік жүргізушілер жүгенсіз кеткен. Таксистер бар, қарапайым жүргізушілері бар, көбі жоғары жылдамдықпен жүреді. Жаяу жүргінші жолынан қорқып, әрең өтесің. Жүзбен келіп, қасыңа келгенде барып, тежегіш басады. Айдың-күннің аманында, ішпей-жемей, адам қағады. Қаншама адам қаза тауып жатыр, мүгедек болып жатқаны қаншама? Таксисті

былай қойғанда қоғамдық көліктер де бір-бірімен жарысып жүреді. Билік тарапынан бақылау аз ба, білмеймін, әйтеуір әлеуметтік желіден де, таныстарымыздан да «біреуді қағып кетіпті, біреуді басып кетіпті» дегенді естимиз. Мұндай бассыздықты құзырлы органдар тежеу керек қой, – дейді қала тұрғыны Сәуле Сағиқызы.

Қыж-қыж қайнаған қала тіршілігі бір сәтке де тоқтамасы анық. Ал қала орталығы нағыз қозғалыстың мекені.

– Мен осы Мұратбаев көшесінің тұрғынымын. Бұл жерде таңның атысы, күннің батысы көлік тоқтамайды. Наурыз айында Шүкіров қиылысында «Мерседес» көлігі жаяу жүргінші жолынан өтіп бара жатқан бір қызды көз алдымда қақты. Абырой болғанда тежегішті басып үлгерді, қыз да қатты жарақат алмады. Құдайдың құтты күні көлік соқтығысын көреміз. Бәрі асығыс әйтеуір. Жылдамдықты асыратындар көп қазір. Бағдаршам жанса да, әуелі қатты жылдамдықпен көлік келе жатқан жоқ па екен деп қарап алатын күйге жеттік. Бейнебақылау жоқ жерлерде тіптен қатты жүреді жүргізушілер. Бізге бақылауды күшейту керек. Әйтпесе, өзге облыстарға шығып жүрміз ғой. Қаққан қазықтай жаяу жүргінші өтетін кезде тұра қалады, – дейді қала тұрғыны Ермек Бөкейхан.

Бәрін айт та, бірін айт, бүгінде жол-көлік апатынан туындаған өлім-жітімнің саны азаяр емес. ІІМ-нің мәліметіне сүйенер болсақ, ең жиі тіркелетін жол апаты жаяу жүргіншілерді қағып кету екен. Кейінгісі көліктің аударылуы, содан соң жолдың қарсы бетіне шығып кетіп, соқтығысу. Тағысын тағы.

Көп жол-көлік апатының негізгі себебі – жылдамдықты шамадан тыс арттыру. Өйткені орташа 50-60 шақырым жылдамдықпен зырғып келе жатқан жүргізуші қандай жағдайда болсын, алдынан адам шыға қалса, тежегішті басып та, тоқтап та үлгереді. Ал қаға қалса, соққы соңы өлімге жеткізетіндей болмайды. Ал 70-тен жоғары жылдамдықтың соңы кейде орны толмас қайғыға апарып жатады. Көбіне қала ішінде, алыс-жақын аудандарға шығатын такси жүргізушілері жол ережесін жаяу жүргіншілер де бұзатынын айтады.

– Такси болып қызмет етіп жүргеніме 8 жылға жуықтады. Талай оқиғаның куәсі болдым. Жылдамдық асырам деп қолдан апат жасайтындарды да кезіктірдік. Бірақ бәрін таксистерден көре беруге де болмайды. Жаяу жүргіншілердің тәртіпке бағынбауынан болатын жол апаттары да аз емес. Жолға арнайы салынған белгіден өтпей, белгіленбеген жерден кесіп өтіп, көліктің алдынан жүгіріп шығады адамдар. Кейде тіпті бағдаршамға қарамай өте шығады. Осылай ереже бұзған соң апат болады да, – дейді такси жүргізушісі Мұратбек Сейілханов.

Тағы бірнеше такси жүргізушілері осы мағыналас пікір білдірді. Жалпы қос тарапты сараптап, өзіміз көзбен көрген жайтты електен өткізіп, статистиканы ақтарып, ашық ақпарат көздерін қарап, түйгеніміз жол апатына түрлі жайттар себеп болады. Мәселен, жүргізушінің мас күйінде көлік айдауы, әртүрлі мезгілдердегі ауа райының қолайсыздығы, жолдың сапасыздығы, көліктің сын беруі сынды мәселелер де бар. Алайда жылдамдықты асыру ең жиі болатын қателік. Оны полиция мамандары жоққа шығармайды.

Сөз соңы. Төтесінен келген ажалға ешкім қарсы келе алмасы анық. Тек адамның мезгілсіз өмірден өтуіне темір тұлпар тізгіндеген кейбір жүргізушілердің себеп болуы қазіргі қоғамға ауыр соғып тұр. Талай отбасыны «сең соққандай» есеңгіретіп тұрған да осы жылдамдықтан болған жол апаты. Жоғарыда айтылған пікірлер секілді әркім әр жайтты алға тартады. Дегенмен жол мен бағдаршам қойылып, бейнебақылау камералары орнатылар, тәртіп сақшылары да бақылар. Алайда жылдамдықты асыратын автокөлік жүргізушілері түзелмесе, жол апатын азайту оңай болмайтын іспетті. «Жол мұраты – жету» болғанымен, біздіңше, сол мұратқа жылдамдықты арттырмай-ақ жетуге болады.

Ақтілек БІТІМБАЙ

Басы 1-бетте

ЗИРАТ САЛУДА АСТАМШЫЛЫҚ КӨП

Пенде болғасын ақ пен қарасы қатар жүретін өмірде көп сүрініп, көп қателік жасап жатамыз. Ал сол қателіктерімізге, пенделік пейілімізге қала мен ауыл сыртындағы көп қорым үнсіз ескерту жасайтындай. Алайда сол зираттар бүгінде «қалаға», «биік ғимаратқа» айналғандай. Байқасаңыз, «байлардың» жарысы қазір бейіт басын қарайтуда да өріс алуда. Бірінен-бірі асып түскісі келіп, қайтыс болған ағайын-туысының, ата-анасының моласын «зәулім сарай» қылып соғады. Одан қалды «қайтыс бола қалсам» деп сол зәулім сарайдың айналасынан жер алып қою, алдын ала оны қоршап қою белең алуда. Жаға ұстатар жайтты қала мен ауыл іргесіндегі зираттарға бара қалсаңыз, байқауға болады. Бірінен бірі биік, бірінен бірі әдемі. Бағалы тастан салынған көбі. Қосымша жері барларды да кездестіруге болады.

Иә, әр адамның қайтыс болған жақынының алдында міндеті бар. Ол – аруақты ақтық сапарға шығарып салу. Ғалымдардың сөзіне сүйенсек, мұны шариғат та, салт та міндеттейді. Алайда қайтыс болған адамға «зәулім сарай» соғып, ысырапшылдық жаса деген сөз емес. Бірақ қазір осыған қарамастан астамшылық көп. Оны күнделікті өмірде көріп жүрміз. Оған әлеуметтік жағдайдың өзгеруі, адамдардың деңгейлерінің әртүрлі болуы итермелеп отырғандай. Бұған ел ішінде көп адамның діни қағидаларды білмеуін қосыңыз.

Ертеде қазақ қайтыс болған адамды жөнелту оңай еместігін айтып кеткен. Алайда қазір тіптен күрделеніп барады. Зиратты зәулім етіп салу, бейнесін тасқа қашау тиылмай келеді. Молдалар қанша рет «бейітті зәулім сарай етіп салмаңыздар, бейіттің басына адамның суретін қашап салмаңыздар» деп ескертулер де жасады. Бірақ оған құлақ асатын жан аз.

– Егер жерді алып қойған адамның ниеті дұрыс болса, онда ол теріс амал емес. Мысалы, қарт кісі өзінің хал-жағдайының оңалмасын, соңғы сәтінің таяғанын сезді делік. Ондай жағдайда балалары мен жақын туысының не жарының жанынан жер алып қоюды тапсырады. Бұл қатты сыналатын жағдай емес. Мұсылман Жаратқан құзырына қайтатынына иман келтіріп, кісіге сауап жазылады. Бірақ жерді белгілеген соң алдын ала зәулім қылып мазар тұрғызу шығын болып есептеледі. Алайда қада қағып, сым жүргізіп, іргетас құйылмаған кірпішпен бір-екі қатар қоршап, белгі қалдырып қойса, оны құптауға болады. Бастысы – ысырапшылдыққа бармау, – дейді дінтанушы Бақтияр Оспанов.

Кейбіреулер мұндай үрдісті қайтқан адамға деген жақындарының құрметі деп бағамдайды. Алайда ол құрмет діни талаптардың шегінен шықса, керісінше, сауап емес күнәға соқтыратындығын әрбір адам білгені жөн. Өйткені, Құран Кәрімде Ағраф сүресінің 31-аятында: «Ішіңдер, жеңдер. Бірақ, ысырап етпеңдер. Алла ысырап етушілерді ұнатпайды» делінеді. Яғни астамшылыққа жол беру күнә болатынын естен шығармау керек. Бұл жерде тек ақшаның ғана емес, адамды жерлейтін жердің өзі ысырап болып жатқанын байқауға болады. Бірнеше адамды жерлеуге болатын орынға үлкен ғимарат салып, оны тағы қоршау ешкімге пайдасы жоқ дүние. Өйткені маркұмның балалары, ағайын-туысы өздерінің көзінің тірісінде оның басына барып дұға бағыштайды. Қалғанының бәрі уақытша дүние.

Жалпы дінге, оның ішінде ғалымдардың сөзіне сүйенсек, зиратты анау айтқандай әспеттеп, қоршау салудың қажеттігі жоқ. Тек маркұмның ағайын-туысы, жақын-жуығы адасып қалмас үшін басына тас орнатып, аты мен руын жазса да жеткілікті. Атам заманнан келе жатқан, бабаларымыз қолданған негізгі заңдылық осы ғана. Өйткені тірілер салған зәулім сарай, әсіресе, қашалып жасалған суреттің, оған жазылған түрлі сөздердің қайтыс болған адамға тиер еш сауабы жоқ. Дінімізде айтылған ең жақсы амал – адамның өзі тірісінде істеген жақсылықтары мен ізгі амалдары.

Дінімізде қабірдің топырағына күмбезді ғимарат салып, көк тасына мадақтаушы немесе тағдырға қарсылық білдіретін сөздерді жазбау керектігі тайға таңба басқандай анық айтылған. Яғни, мұндай өрескел қателіктерге дінімізде рұқсат жоқ. Бірақ исламда қабірді жерден бірнеше қарысқа көтеріп, кірпішпен кішкене өру, басына көк тас орнату, қайтыс болған адамның аты-жөнін жазуға қарсылық жоқ.

– Елдің талғамы әртүрлі. Қазақта төртқұлақ өреді ғой. Соған сәйкес, көбіне 40/60 см өлшемінде болады. Тастар да әрқилы. Ел «Қаратас» деп атайтын, гранит деген тас бар. Сапасы да жақсы, бағасы да қолайлы. Әрі жазған жазу, сурет анық басылады. Сондықтан көбіне сол гранитпен жұмыс жасаймыз. Бір көктас жасау 40-60 мың теңге шамасында. Тапсырысты бір апта, он күн көлемінде бітіруге тырысамыз. Басқа да тастардан жасауға болады. Қымбат тастың түрлері де жетерлік. Шамасы жеткендер бағалы мәрмәрдан қашатады. Ол тапсырыс берушінің қалауына байланысты. Ал тастардың қайдан келетінінен хабарым жоқ. Өзіміз Алматы, Шымкент қаласынан алдырамыз. Сонымен бірге бұрын белгіге сурет салдыру да болды. Соңғы жылдарды бұл әдет азайып келе жатыр. Имамдар мен ақсақалдар насихаты арқасында ел түсіне бастады деп ойлаймын, – дейді көктас жасаушы шебер Қанат Ізбасаров.

P.S. Қорыта айтқанда, тірілердің қайтыс болған жақынының басына үлкен, көздің жауын алатын әсем ғимарттар салуы Алла алдында сауап алып келетін іске жатпайды. Сондықтан бейбіт күнде бос ысырапшылдық жасамай, сол зәулім сарай мен мәрмәр тастарға жұмсалған ақшаны көмекке мұқтаж жандардың игілігіне жұмсаған абзал. Біздіңше, Алла алдында сауапты іс сол болмақ.

К.АҚТАН

БІЛІМ ҒИМАРАТТАРЫ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Сонымен қатар депутаттар «Абай» атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектепке барды. Мұнда үш тілде білім беруде ауқымды жобаларды жүзеге асыруда.

– Оқушылардың халықаралық IELTS, FLEX бағдарламаларына қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне, оқушылардың білім-ғылым, шығармашылық бағытта ізденуіне толық жағдай жасалған. Балаларға сапалы білім беруде ұстаздар аянбай еңбек етуде. Біздің мектепте айтарлықтай мәселе жоқ. Тек ғимарат алдындағы автотұрақты асфальттау ұсынысы шешімін тапса, – деді мектеп директоры Жанат Сәдуақасова.

Қаламызда күрделі жөндеу көрмеген мектептер де жоқ емес. Бүгінгі таңда білім сапасына қойылар талап көп. Сондықтан да балалардың таза, жылы, заман талабына сай жабдықпен қамтылған ғимаратта оқуы маңызды. Сондай мектептердің бірі – С.Сейфуллин атындағы №4 ақпараттық технология мектеп-лицейі күрделі жөндеуді қажет етеді. Ғимарат 1964 жылы салынған. Білім ошағы «оқуға құштар мектеп», «мектеп парламенті», «мектеп театры», «дебат клубы» бағыттарында жұмыс істейді.

– Ғимарат күрделі жөндеуді қажет етеді. Көзге көрініп тұр. Сонымен қатар мектеп ауласына спорттық алаң салу жұмыстарын қолға алу қажет. Оның жобалық сметалық құжаттары 298 млн теңгеге жасалып, дайын тұр, – деді мектеп директоры Алмат Рахметов.

Комиссия жұмысы қалалық мәслихатта жалғасты. Қала әкімінің орынбасары Ақзира Қасымова депутаттардың білім саласына қатысты сұрақтарына жауап берді. Халық қалаулылары балабақшаларды газдандыру, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, үш ауысымдық мектептерді болдырмау мақсатында жұмыс істеу керектігін атап өтті. Облыс бойынша күрделі жөндеуді қажет ететін 20 мектеп болса, оның 11-і қалада екен. Сондықтан оларды жөндеуден өткізу мәселеріне қатысты жоспарларды жүзеге асыру қажет.

– «Арай», «Саяхат», «Астана» шағын аудандары бойынша мектеп жетіспеушілігі өзекті мәселе. Сондай-ақ жеке балабақшалардың алдағы уақытта лицензиялау жұмыстары болған жағдайда, жеке балабақшаларға баратын 18 мыңнан астам балаларды қайда орналастырамыз? Осы мәселерге қатысты орынды шешім қабылдануы тиіс, – деді облыстық білім саласын бақылау департаментінің басшысы Ғалия Дәулетова.

Депутаттар жиынын қалалық мәслихат хатшысы И.Құттықожаев жүргізді. Бүгінгі көтерілген ұсыныстар қаулыға енгізіліп, сессия қарауына шығарылып, тиісті шешімдер қабылданбақ.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4261 **Тапсырыс №854**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ